

Келісілді

«Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ басшысы


Өшім Е.М.
«19» 04 2021ж

Келісілді

Қарағанды қ. «Нұркен Әбдіров атындағы ЖББМ» КММ директоры


Баграмова Г.Т.
«19» 04 2021ж

Бекітемін

«Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» ҚМҚМ директоры


Абдикерова Б.Х.
«19» 04 2021ж

Қарағанды облысының білім ұйымдарының «Жас Сарбаз» сыныптары арасында «Мен Елімнің – Патриотымын» I облыстық фестивалінің ережесі

1. Жалпы Ереже

1. Осы «Жас Сарбаз» сыныптары арасында қашықтықтан өтетін «Мен Елімнің – Патриотымын» облыстық фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) өткізу Ережесі оның мақсатын, міндеттерін, форматын, ұйымдастыру, өткізу және қорытынды шығару тәртібін айқындайды.

2. Фестивальдің мақсаты:

2.1. Жас сарбаздардың патриоттық сезімін тәрбиелеу, «Жас Сарбаз» сыныптарының қызметін жандандыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.

2.2. 2020-2021 оқу жылында «Жас Сарбаз» сыныптарындағы жұмыстарды қорытындылау.

3. Фестивальдің міндеттері:

3.1. «Жас Сарбаз» сыныптарында жинақталған озық тәжірибені жалпылау және тарату;

3.2. Зерттеушілік жұмысқа қызығушылық танытқан Жас Сарбаздарды қолдау;

3.3. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша «Жас Сарбаз» сыныптарының қашықтықтан оқыту форматында жұмыс тәжірибесімен алмасу.

4. Фестивальді ұйымдастырушылар: «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» ҚМҚМ, «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ, «Нұркен Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ.

II. Фестивальді өткізу мерзімі мен шарттары

1. «Жас Сарбаз» сыныптары арасында I облыстық фестиваль 2021 жылдың 6 мамырында қашықтық форматында өткізіледі. Фестивальге қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне өтінім жіберіледі. Мектеп директорының қолы қойылған номинациялардың өтінімдері мен материалдары 2021 жылғы 28 сәуірге дейін (1-қосымша) zhassarbaz.n.abdirova@mail.ru электрондық поштаға жіберіледі.

2. Фестиваль 3 номинация бойынша өткізіледі:

- «Жас Сарбаз өмірі» өзін-өзі таныстыру;
- Жобалық қызмет;
- «Спорт. Әскери дайындық. Бос уақыт.»

3. «Өзін-өзі таныстыру» номинациясындағы жұмыстар презентация ретінде қабылданады. Презентацияның бірінші слайдында білім ұйымы, басшының аты-жөні, тегі көрсетіледі. Бағалау критерийі: презентация 10 слайдтан аспауы керек; тақырыпқа сәйкестігі; «Жас Сарбаз» сыныбының оқу жылындағы жұмысы туралы фото және бейнематериалдың болуы қажет.

4. «Жобалық қызмет» номинациясындағы жұмыстары «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Ерлік!» тақырыбы бойынша қабылданады. Командадан атақты Қарағандылық-отандасымыздың өмірі туралы зерттеу жобасы ұсынылады. Жұмыс 10 беттен аспайтын электронды нұсқада жіберіледі (А4 форматы, 14 кегль, Times New Roman шрифті, 1,5 интервал арқылы терілген), презентациямен немесе бейнематериалдармен сүйемелденуі мүмкін.

5. «Спорт. Әскери дайындық. Бос уақыт» номинациясында командалармен ұзақтығы 5 минуттан аспайтын оқу жылындағы сынып жұмысының бейнеролигі ұсынылады.

6. Фестивальдің ұйымдастырушы комитеті қатысушыларға жеке шақыртулар жібереді.

7. Фестивальді дайындау және өткізуге Қарағанды қаласы, С.Сейфуллин көшесі 8/2 мекен-жайында орналасқан «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» ҚМҚМ басшылық етеді.

Байланыс телефондары: 8(7212) 50-25-13, 47-67-16.

III. Фестивальдің нәтижесін қорытындылау

1. Фестивальді ұйымдастыру және өткізу үшін сараптамалық комиссия құрылады. Сараптау комиссиясының құрамы фестиваль ұйымдастырушыларының өкілдерінен және шақырылған мамандардан құрылады.

2. Фестиваль қорытындысы арнайы хаттамамен рәсімделеді, комиссия мүшелерінің қолдарымен расталады.

3. Сараптамалық комиссия мүшелерінің өз номинациясында жоғары баға алған жұмыстардың авторлары I, II, III дәрежелі дипломдар және алғыс хаттармен марапатталады. Барлық командалар естелік жалаушалармен және қатысқаны үшін сертификаттармен марапатталады. Команда жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

4. Фестиваль қорытындылары 2021 жылғы 06 мамырдан кешіктірмей қорытындыланады және ҚО БД ОӘО – umckrg.gov.kz сайтына; Instagram, Facebook әлеуметтік сайтындағы «Ізденіс» газетінің бетіне орналастырылады.

1 Қосымша

Фестивалге қатысуға өтінім

Аймақ	
Білім ұйымы	
«Жаз Сарбаз» сыныбының жетекшісі	
Жетекшінің байланыс телефоны	
Электрондық пошта	